

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ерікті жасақтар туралы

Күші жойған

Павлодар қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 11 желтоқсандағы N 550 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 14 қаңтарда N 1590 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 9 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 9 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ ҚРЗ Заңының 33-бабы 1-тармағы 5-тармақшасына сәйкес және тұрғындарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Полицияның патрульдық учаскелері базасында кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, пәтер иеленуші кооперативтерінің еңбек ұжымдары өкілдерінің санынан қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде ерікті жасақтар құрылсын.

2. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде ерікті жасақтардың Павлодар қаласы әкімінің жанында қалалық штабы ұйымдастырылсын.

3. Қоса беріліп отырған қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде ерікті жасақтар қызметінің Ережелері бекітілсін.

4. Павлодар қаласы ішкі істер басқармасының бастығы ерікті жасақтардың қалалық штабына практикалық, әдістемелік және құқықтық көмек көрсету ұ с ы н ы л с ы н .

5. Осы қаулы екі апта ішінде қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап ресми ж а р и я л а н с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы С.Н . Бочаровқа жүктелсін.

П а в л о д а р

қаласының әкімі

К е л і с і л д і

П а в л о д а р қ а л а с ы

і ш к і і с т е р б а с қ а р м а с ы н ы ң

б а с т ы ғы

2002 жылғы 11 желтоқсан
Павлодар қаласы әкімінің

2002 жылғы "11" желтоқсандағы
"Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі
ерікті жасақтар туралы"
550 шешімімен
BEKITILGEN

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ерікті жасақтар қызметінің ЕРЕЖЕЛЕРІ 1. Жалпы ережелер

1. Ерікті жасақтар құрылымдары (бұдан әрі - Ерікті жасақтар) азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша кәсіпорындардың, ұйымдардың еңбек ұжымдарымен, барлық меншік нысанындағы оқу мекемелерінің әкімшіліктерімен және пәтер иеленуші кооперативтерімен (бұдан әрі - ПИК) ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті сақтауда және құқық бұзушылықтардың алдын алуда көмек көрсету үшін құрылады.

2. Ерікті жасақтар құрылымдары кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, оқу мекемелері әкімшіліктерінің және ПИК еңбек ұжымдарының ұсыныстары бойынша және азаматтардың жеке өтініштері негізінде қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтар санынан құрылады.

3. Ерікті жасақтардың қалалық штаб басшысының мүшелілігіне қабылдау туралы азаматтардың өтініштері қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі Ерікті жасақтардың қалалық штаб басшысының атына (бұдан әр-қалалық штаб) жіберіледі.

Ескерту: 3-тармақ өзгерді - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

4. Егер кандидат сотталмаған болса, өзінің жеке, іскерлік және моральдық қабілеттері бойынша жасақ талаптарына сәйкес болса, онда қалалық штаб басшысының бұйрығы бойынша ол Ерікті жасақтар мүшелілігіне енгізіледі.

5. Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, оқу мекемелерінің және ПИК Ерікті жасақтар құрылымдарына басшылықты қалалық штаб басшысы жүзеге асырады.

6. Қалалық штаб Ерікті жасақтар құрылымдарының ішкі істер органдарымен өзара қарым-қатынас мәселелерін үйлестіреді.

7. Барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалар және азаматтар қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алуда ерікті жасақтар құрылымдарына, жасақтарға қолдау және көмек көрсетуге құқылы.

Ескерту: 7-тармақ өзгерді - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

Ескерту. 11 тармақ алынып тасталды - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

2. Негізгі міндеттері мен қызметі

9. Ерікті жасақтардың негізгі міндеті ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті сақтауда мына жолдар арқылы көмек көрсету:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерімен бірлесіп көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, тұрғын үй массивтерінде және басқа қоғамдық жерлерде, сонымен бірге мәдени бұқаралық және спорттық - көрермендік іс шараларды өткізуде п а т р у л ь г е ш ы ғ у ;

2) маскүнемдіктің, нашақорлықтың, уытты заттарға әуестіктің, балалар қараусыздығы мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыста ішкі істер органдар қызметкерлерімен бірлесіп қатысу.

3. Жасақтардың құрылымы және олардың жұмысының принципі

10. Ерікті жасақтар кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, оқу мекемелері және ПИК жасақтар құрылымдарынан және қалалық штабынан құрылады.

11. Қалалық штабты Павлодар қаласы ішкі істер басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы басқарады.

12. Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, оқу мекемелері және ПИК ерікті жасақтар құрылымдарын қалалық штаб басшысы лауазымына тағайындайтын және босататын командир басқарады.

13. Қалалық штаб басшысы келесі функцияларды іске асырады:

1) Ерікті жасақтардың қалалық штаб басшысы ерікті жасақтар қызметінің, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша ішкі істер органдарымен үйлестіруді және өзара қарым - қатынасты қамтамасыз етеді, ерікті жасақтар құрылымдарының қызметін талдайды және жалпылайды, сонымен бірге олардың жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы ;

2) Қала әкімінің және қала ішкі істер басқармасы бастығының атына қоғамдық тәртіпті сақтауды жақсарту және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді, мәселелерін қарайды.

Ескерту: 13-тармақ өзгерді - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

14. Ерікті жасақтар құрылымының командирі келесі функцияларды іске а с ы р а д ы :

- 1) Ерікті жасақтарға басшылық жасайды;
- 2) Ерікті халықтық жасақтар мүшелерін таңдайды, орналастырады және о қ ы т а д ы ;
- 3) Ерікті жасақтар мүшелерінің кезекшілікке шығу кестесін құрастырады;
- 4) Ерікті жасақтар мүшелерінің қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша міндеттердің орындалуын ұйымдастырады ж ә н е б а қ ы л а й д ы ;
- 5) Ерікті жасақтар құрылымдарының қызметін жетілдіру бойынша шараларды әзірлейді және қабылдайды.

15. Кезекшілікке келген уақытта Ерікті жасақтар мүшелеріне командир қаладағы оперативтік жағдайдың жағдайы, ол орындайтын мақсаты мен міндеттері туралы нұсқаулық жүргізеді.

16. Қалалық штаб айына кем дегенде бір рет Ерікті жасақтардың қызметіне талдау жасау үшін, олардың жұмыс тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау, басқа проблемаларды талқылау және шешу үшін мәжілістер өткізеді.

4. Жасақтар мүшесінің міндеттері және құқықтары

17. Ерікті жасақтар мүшесі:

- 1) қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алуда белсенді қ а т ы с у ғ а ;
- 2) қалалық штаб басшысының және Ерікті жасақтар командирінің талаптары мен тапсырмаларын адалдықпен орындауға міндетті.

18. Ерікті жасақтар мүшелері:

- 1) азаматтардан қоғамдық тәртіпті бұзбауды талап етуге;
- 2) қажет болған жағдайда ішкі істер органы қызметкерінің қатысуымен құқық бұзушыны ішкі істер басқармасына немесе полицияның учаскелік пунктіне тапсыруға құқылы.

5. Көтермелеу және жаза қолдану шаралары

19. Құқық бұзушылықпен белсенді күресетін жасақтарды мекемелер, кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдар өз құзыры шеңберінде мына жолмен к ө т е р м е л е й д і :

- 1) а л ғ ы с б і л д і р у ;
- 2) с ы й л ы қ немесе ақшалай сыйлық беру;
- 3) < * >

Ескерту. 19 тармағы 3 тармақшасы алынып тасталды - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

20. Жасақтарды көтермелеу туралы салтанатты түрде, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар жиналыстарында хабарланады.

6. Ерікті жасақтар құрылымдарын сақтау шаралары

21. Кезекшілік кезінде ерікті жасақтар құрылым мүшелері зақымданғанда емдеуді Ерікті жасақтардың қызмет етуіне жергілікті бюджетте қаралған қаражат е с е б і н е н .

Ескерту: 21-тармақ өзгерді - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен.

7. Ерікті жасақтарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

22. Ерікті жасақтардың орналасуы қызметтік телефондарды пайдалану құқығында полицияның учаскелік пункттерінде жүзеге асырылады.

8. Заңдылықтың сақталуын қадағалау

2 3 . < * >

Ескерту. 23 тармақ алынып тасталды - Павлодар қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1634 қаулысымен